Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада стратегиялық көрсеткіш ретінде ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 2030 жылға қарай 2008 жылғы деңгейден 30%-ға және 2050 жылға қарай 50%-ға төмендету айқындалған.

Оның ішінде Берлинге ресми сапармен келген Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары аясында «dena» Неміс энергетикалық агенттігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және «Атамекен» Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы арасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы Меморандумға қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген **Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2021-2030 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын** орындау мақсатында 2021 жылы **Қазақстан Республикасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасын (Мастер-жоспар) әзірлеу және бекіту** міндеті қойылды. Мастер-жоспарды әзірлеуге және бекітуге жауаптылар – ИИДМ, тиісінше – ЭГТРМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, «Атамекен» ҚР ҰКП, «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ.

Бұрын 2013 жылғы 29 тамыздағы «Энергия үнемдеу-2020» бағдарламасы құрылғанын, бірақ ол өз күшін 2016 жылғы 25 шілдедегі № 434 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жойғанын атап өту қажет. Осыған байланысты Мастер-жоспар жаңа бағдарлама ретінде әрекет етеді және экономиканың басым секторларында энергия сыйымдылығын едәуір төмендетуге ықпал ететін болады.

Мастер-жоспардың **мақсаты** энергетика, өнеркәсіп, көлік және бюджеттік басым секторларда энергия тұтынуды азайту және отын-энергетикалық ресурстарды тиімсіз пайдалануды қысқарту арқылы Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын төмендету үшін жағдайлар жасау және энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ қаржы құралдарын құру болып табылады.

Мастер-жоспарды **іске асыру** экономикалық басым бағыт болып табылатын ЖІӨ өнімінің бірлігіне энергетикалық ресурстарды тұтынудың төмендеуіне әкеледі, өйткені өнеркәсіптік кәсіпорындардың өнімділігі, рентабельділігі және бәсекеге қабілеттілігі артады; тұрғын үй-коммуналдық секторда тұрғын үй қорының және инженерлік желілердің жай-күйі мен инфрақұрылымы жақсарады, бұл әрбір адамның әл-ауқаты мен жайлылығы деңгейінде көрініс табады; көлік секторында көлік жүйесінің тиімділігі жақсарады, көлік құралдарының негізгі қоры ішінара жаңартылады, экологиялық жағдай жақсарады және т. б.

Қазақстанда жобаны дайындау мақсатында Қоғам мемлекеттік органдардың, салалық ұйымдар мен қауымдастықтардың сарапшыларын, сондай-ақ «Атамекен» ҚР ҰКП өкілдерін және Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің ірі субъектілерін тарта отырып, **«Энергетика», «Өнеркәсіп», «Көлік», «Бюджеттік сектор мен ғимараттар» және «Қаржы құралдары» бағыттары бойынша кіші жұмыс топтарын** құрды. Кіші жұмыс топтарындағы қатысушылардың жалпы саны 197 адамды құрады, оның ішінде «Энергетика» – 67 адам, «Өнеркәсіп» – 61 адам, «Көлік» – 26, «Бюджет секторы және ғимараттар» – 19 және «Қаржы құралдары» – 24. 2020 жылғы желтоқсанда, 2021 жылғы наурызда, шілдеде және қыркүйекте онлайн-форматта жұмыс топтары өткізілді.

Сондай-ақ, ИИДМ ЭГТРМ, ЭМ, ҰЭМ, әкімдіктер, «Атамекен» ҚР ҰКП және техникалық серіктестер – Дүниежүзілік банк пен «DENA» Неміс энергетикалық агенттігі қатарынан Қадағалау кеңесін құрды. 2020 жылдың қыркүйек және желтоқсан айларында онлайн-форматта 2 отырыс өткізілді.

2020 жылғы желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ағымдағы ахуалын талдау үшін қажетті деректерді жинау жүргізілді. 2021 жылы ағымдағы жағдайға талдау жүргізілді және Мастер-жоспарға қосу үшін іс-шараларды алдын ала іріктеу, сондай-ақ энергетикалық сценарийлерді модельдеу процесі аяқталды.

Мастер-жоспардың соңғы жобасы дайындалды және 2021 жылдың желтоқсанынан бастап Мастер-жоспардың жобасы мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҚР ҰКП-мен келісуден өтуде.

Мастер-жоспардың жобасында 63 іс-шара ұсынылған: «Технологиялық қамтамасыз ету» бөлімі (14 іс-шара), «Ұйымдастыру шаралары» (20 іс-шара), «Талдамалық қамтамасыз ету» (15 іс-шара), «Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету» (9 іс-шара), «Қаржылық қамтамасыз ету» (2 іс-шара), «Кадрлық қамтамасыз ету» (3 іс-шара).

Қоғам базасында Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) 2012 жылғы 26 маусымдағы № 320-НҚ бұйрығына сәйкес құрылған № 80 «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті (бұдан әрі – ТК) жұмыс істейді.

№ 80 ТК негізгі мақсаттары:

1) кейіннен уәкілетті мемлекеттік органдарда қарай және бекіте отырып, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу;

2) техникалық реттеу жүйесін дамыту, энергия үнемдеу саласындағы стандарттауды дамыту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау;

3) мемлекеттік стандарттау саласында және комитетке бекітілген стандарттау объектілері мен қызмет салалары бойынша жұмыстар жүргізу;

4) қазақстандық нормативтік техникалық құжаттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмысты қоса алғанда, мемлекетаралық және Халықаралық стандарттау жөніндегі жұмысқа қатысу;

5) энергия үнемдеу саласындағы нормативтік техникалық құжаттар жобаларының сараптамалары;

6) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органы жүргізетін саясатты іске асыру.

2021 жылы ТК № 80 қызметінің шеңберінде, атап айтқанда стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қарау шеңберінде «M.A.D. Astana» ЖШС, «Фирма торговая палата» ЖШС, Қазстандарт, «НИЦ «Көмір» ЖШС, «Атамекен» ҚР ҰКП үшін 7 ұлттық стандарттардың жобалары қаралды, сондай-ақ 3 пікір дайындалды.

Қоғам ККМ жұмысына толық құқықты мүше не байқаушы мүшесі ретінде және халықаралық ТК жұмысына толық құқықты мүше ретінде қатысуды жүзеге асырды.

Жоғарыда аталған іс-шараларды 2021 жылы іске асыру қорытындылары бойынша:

1) Eurasian Resources Group (ERG)- халықаралық компаниялар тобы, минералдық ресурстарды өндіру мен өңдеу саласындағы әлемдегі жетекші топтардың бірімен келісімге қол қойылды;

2) италъяндық SPITECNO srl компаниясымен меморандумға қол қойылды, компания көше және сыртқы жарықтандыруға арналған шамдарды өндірумен айналысады және ЭСКО механизмі бойынша жұмыс тәжірибесі бар;

3) Eemaxx тобының компаниясы италъяндық Eemaxx Engineering компаниясымен меморандумға қол қойылды, ол жаңартылатын көздерде немесе жоғары тиімді когенерацияда, жалпы белгіленген қуаты 20 МВт-тан аспайтын, энергия үнемдейтін жабдықтар өндірісі бойынша жұмыс істейтін электр станцияларына арналған шешімдердің толық портфелін ұсынады;

4) экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту және инвестициялық жобаларды кешенді сүйемелдеу мақсатында «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы « АҚ-мен келісімге қол қойылды;

5) GCE Group Халықаралық компаниясымен және энергия ресурстарын тұтынудың ақпараттық-талдау жүйесін өндірумен айналысатын GCE Group «Энергия тиімділігін сараптау орталығы» ЖШС-мен меморандумға қол қойылды;

6) жарықтандыру өнімдерін өндірумен және сатумен айналысатын ҚазТехникас ЖШС (Teksan (Түркия) меморандумға қол қойылды;

7) IEK GROUP-пен (ТД ИЭК.КАЗ) меморандумға қол қойылды, ол кеңінен танымал IEK брендімен электротехникалық өнімдерді және ITK брендімен АТ-технологияларына арналған өнімдерді өндіруші жетекші ресейлік компания;

8) «Зоря»-»Машпроект» Газтурбина құрылысы ғылыми-өндірістік кешені» украин мемлекеттік кәсіпорнымен меморандумға қол қойылды.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштерін орындау туралы

Қоғамның 2021 жылғы кірістері 2 112 757 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі қызметтен түскен кірістер 429 662 мың теңге. 2021 жылғы шығыстардың жалпы сомасы 2 075 377 мың теңгені құрады. Сатылған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің өзіндік құны – 390 000 мың теңге, әкімшілік шығыстар – 28 323 мың теңге және өзге де шығыстар – 1 657 054 мың теңге. Қоғам шығындарының негізгі баптары еңбекке ақы төлеу, үй-жайларды жалға алу, салықтар және т.б. шығындар болып табылады.

Атауы	Факт 2020 жылға	Жоспар 2021 жылға	Факт 2021 жылға
Кірістер, оның ішінде:	**976 926**	**2 110 904**	**2 112 757**
бюджеттік бағдарламадан	425 183	411 813	411 813
жарғылық қызметтен	12 632	28 740	17 849
Басқа	539 111	1 670 351	1 683 095
Шығыстар, оның ішінде:	**939 585**	**2 110 786**	**2 075 377**
өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің өзіндік құны	388 632	411 813	390 000
әкімшілік шығыстар	35 268	39 841	28 323
басқа	515 685	1 659 132	1 657 054
Салық салынғанға дейінгі пайда	**37 341**	**118**	**37 380**
КТС бойынша шығыстар	**11 394**	**24**	**32 481**
Таза пайда	**25 947**	**94**	**4 899**

Жалғыз акционердің 2022 жылғы «___» _____ № _____ шешіміне сәйкес Қоғамның 2021 жылдың қорытындысы бойынша алынған 4 898 616 (төрт миллион сегіз жүз тоқсан сегіз мың алты жүз он алты) теңге сомасындағы таза табысын бөлудің келесі тәртібі бекітілді:

- 3 429 031 (үш миллион төрт жүз жиырма тоғыз мың отыз бір) теңге сомасындағы 70 (жетпіс) пайыз республикалық бюджет кірісіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге жұмсалсын;
- 1 469 585 (бір миллион төрт жүз алпыс тоғыз мың бес жүз сексен бес) теңге сомасындағы 30 (отыз) пайыз Қоғамды дамытуға бағытталсын.

Аудитордың қорытындысы және Қоғамның 2021 жылғы қаржылық есептілігінің негізгі нысандары осы Жылдық есептің 7-бөлімінде ұсынылған.

3.2 Негізгі маңызды корпоративтік оқиғалар мен жетістіктер туралы

Маңызды корпоративтік оқиғалар ретінде Қоғамның іргелі корпоративтік өзгерістерге, соның ішінде акционерлердің құқықтарының өзгеруіне әкелуі мүмкін бірқатар оқиғаларды жасауы аталады.

Есепті жылы келесі корпоративтік оқиғалар жүзеге асырылды:

- «ЭЭДИҚ» АҚ-ның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі мен таза табысты бөлу тәртібі бекітілді (Жалғыз акционердің 09.07.2021 жылғы № 86-н бұйрығы);
- акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу жүзеге асырылды (2021 жылғы 13 шілдедегі № 422 төлем тапсырмасы);
- «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ-ның 2022-2026 бесжылдық кезеңге арналған Даму жоспарын бекіту (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 3 шешімі).

3.3 Байланысты тараптармен елеулі мәмілелер мен міндеттемелер туралы

Қоғамның байланысты тараптары Қоғамның Жалғыз акционері және негізгі басқарушы персоналмен ұсынылған.

2021 жылы Қоғам мен «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті» РММ арасында жасалған шарттар негізінде 056 бюджеттік бағдарлама бойынша ҚҚС есебімен жалпы сомасы 461 230 мың теңгеге қызметтер көрсетілді.

(мың теңге)

Байланысты тарап	Шарт мәнінің сипаттамасы	2021 жыл	2020 жыл
«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті» РММ	Қызметтер: энергия-сервистік қызметтер нарығын дамытуды қамтамасыз ету және Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметтер	461 230	476 205
Жиыны		**461 230**	**476 205**

Негізгі басқарушы персонал Басқарма мүшелерінен және Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Есепті кезеңде негізгі, басқарушы персоналға сыйақының жалпы сомасы 52 066 мың теңгені құрады (2020 жылы – 46 806,4 мың теңге).

3.4 Гранттық қаражат

Энергия тиімділігін арттыру және жастар бірлестіктерін дамыту бағдарламасы үшін бір донордың Траст қорының әкімшісі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және даму банкі (Дүниежүзілік банк) мен Қазақстан Республикасы (Алушы) арасында 2014 жылғы 18 маусымда келісім жасалды, оған сәйкес Дүниежүзілік банк Алушыға энергия тиімділігін арттыру және жастар бірлестіктерін дамыту бағдарламасы үшін энергия тиімділігін арттыру Келісімде баяндалған немесе аталған жиырма бір миллион жеті жүз алпыс үш мың АҚШ доллары (21 763 000$) мөлшеріндегі грант (бұдан әрі – Грант) жобасын қаржыландыруға көмек көрсетіледі. Грант Траст қорының қаражатынан қаржыландырылады, оны толықтыру үшін Дүниежүзілік банк Траст қорының донорынан мерзімді жарналар алады. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүддесінде әрекет ететін және Гранттан алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ететін Атқарушы Агент болып айқындалған.

Есепті күнгі ұзақ мерзімді міндеттемелер жобаны іске асыру үшін алынған ақша қаражаты бойынша Қоғамның таза міндеттемелерін білдіреді және мыналарды қамтиды:

Атауы	31.12.2021 жылға
Ақшалай қаражат	31 932
Бюджеттен қайтаруға жататын ҚҚС бойынша аванстар	98 003
Басқа активтер	7 513
Барлығы жоба бойынша активтер	**137 448**
Жеткізушілер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер	772
Барлығы жоба бойынша таза активтер	**136 676**

Есепті кезеңдегі міндеттемелердің өзгеруі келесідей болды:

Атауы	2021 жылға
2021 жылғы 01 қаңтардағы міндеттемелер	**223 118**
Сальдоны түзету (өткен кезеңдерде орындалған міндеттемелер есептен шығарылды)	0
01 қаңтарға түзетілген сальдо	**223 118**
USD (мың USD) ақша қаражаты алынды	3 620
Алынған қаражаттың теңгелік баламасы (мың теңге)	1 544 580
орташа бағам 1 USD / теңге	426,68
Барлығы алынды (мың теңге)	**1 544 580**
Жобаны іске асыруға пайдаланылған қаражат	(1 624 276)
Қызмет көрсетушілердің тұрақсыздық айыбын/өсімпұлын өтеу	5 110
Айырбастау операцияларынан бағамдық айырма	(11 855)
Барлық пайдаланылған қаражат (мың теңге)	**(1 631 021)**
2021 жылғы 31 желтоқсанға міндеттемелер	**136 677**

4.БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

Институт Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген, **Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі** тұжырымдаманың 2030 жылға қарай ЖІӨ энергия сыйымдылығын 30% - ға және 2050 жылға қарай 2008 жылғы деңгейден 50% - ға төмендету **мақсаттарын** басшылыққа алады.

Тұжырымдама Үкіметтің 2020 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі 2021-2030 жылдарға арналған Тұжырымдаманы **іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарына сәйкес орындалады.**

2021 жылдың 12 қазанынан бастап Институт Үкіметтің №731 қаулысымен бекітілген, **"Жасыл Қазақстан" Ұлттық жобасының мақсаттарымен,** 2015 жылдың деңгейінен 2025 жылға қарай ҚР ЖІӨ энергия сыйымдылығын кем дегенде 20%-ға төмендету бойынша реттеледі:

- 1 көрсеткіш. Өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларында (түсті және қара металлургия, химия өнеркәсібі) өнім өндіруге электр энергиясының үлестік шығынының төмендеуі;
- 2 көрсеткіш. Бюджет секторы мен ТКШ-да энергия тұтынуды азайту.

Ұлттық жоба "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасын іске асырудың **жоспар-кестесіне сәйкес іске асырылады.**

Сонымен қатар, Институт Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы №954 бұйрығымен бекітілген, **Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің 2020 - 2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының,** ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын (ХЭА деректері бойынша) 2008 жылғы деңгейден 2021 жылы 20% - ға, 2022 жылы 21,3% - ға, 2023 жылы 22,5% - ға және 2024 жылы 23,8% - ға төмендету мақсаттарын басшылыққа алады.

2022 жылға арналған жоспарлар:

- "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының **Заңын қабылдау;**
- **20 мыңнан астам бюджеттік ұйымдарды талдау және мониторингілеу;**
- "Қазақстанда энергия үнемдеу саласына инвесторлар тарту үшін жағдай жасау" - ға **байланысты грантын іске асыру;**
- ЭСКО-ның дамуы (59 қадам) **30 жобаны іске асыру арқылы,** оның ішінде 10 **МЖС / ЭСКО;**
- **Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасын бекіту (Мастер-жоспар).**

Болашаққа жоспарлар:

- Энергия үнемдеу саласында жаңа стратегиялық әріптестерді тарту;
- Жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастықты күшейту;
- Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитетімен бірлескен жұмыс;
- Әлеуметтік маңызы бар объектілерде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі үлгілік жобаларды масштабтау;
- Энергия үнемдеу бойынша ақпараттық науқан өткізу.

5.КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

5.1 Корпоративтік басқару құрылымы

Тиімділік, жеделділік және ашықтық корпоративтік басқарудың негізі болып табылады. Қоғам корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін арттыру, беделін нығайту құралы ретінде қарайды және жоғары орган – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі және атқарушы орган – Қоғам Басқармасы, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалар мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу арқылы әрекет етеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік органның өкілдері және тәуелсіз директорлар қатарынан тепе-тең негізде ұсынылған.

Органдардың құзыреті және шешім қабылдау тәртібі «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Жарғысында нақты белгіленген және бекітілген.

Директорлар кеңесінің құрамына мүшелерді, оның ішінде Тәуелсіз директорларды іріктеу процесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«ЭДЭИҚ» АҚ атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі қызметтің негізгі көрсеткіштер жүйесі болып табылады. ҚНК тізбесі мен нысаналы мәндерін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

5.2 Активтердің құрылымы

Қоғамның активтері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 619 315 мың теңгені құрады.

(мың теңге)

№	Көрсеткіштердің атауы	2020	2021
1	Ақшалай қаражат	568 853	466 622
2	Тауар-материалдық қорлар (ТМҚ)	6 122	5 318
3	Негізгі құралдар (НҚ)	21 133	31 509
4	Материалдық емес активтер (МЕА)	855	430
5	Дебиторлық берешек	167	1 413
6	Басқа	107 181	114 023
	ЖИЫНЫ	**704 311**	**619 315**

5.3 Дивидендтік саясат

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ-ның Дивидендтік саясаты дивидендтердің мөлшерін анықтау кезінде Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарда көзделген Жалғыз акционердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға негізделеді.

Қоғам капиталдандырудың өсуімен қатар бір жыл ішінде алынған таза кіріс мөлшеріне және «ЭДЭИҚ» АҚ өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктеріне қарай төленетін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

Жалғыз акционерге дивидендтер төлеудің негізгі шарттары мыналар болып табылады: Қоғамның есепті кезеңде таза табысының болуы, дивидендтер төлеуге шектеулердің болмауы және Жалғыз акционердің дивидендтер төлеу туралы шешімі.

«ЭДЭИҚ» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ереже «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Жалғыз акционерінің 21.03.2016 жылғы № 31 шешімімен бекітілген. Дивидендтік саясат туралы бекітілген ережеге сәйкес жай акциялар бойынша дивидендтердің мөлшері айқындалған, ол Қоғамның таза табысының кемінде 50 (елу) %-ын құрайды.

«Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер және ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2020 жылғы 23 наурыздағы хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында, Қоғам 2020 және 2021 жылдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы таза табыс сомасынан 70 (жетпіс) %-ы дивиденд төлеуге бағытталды.

«ЭДЭИҚ» АҚ ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ДИВИДЕНДТЕР

Кезең	2021 ж.	2020 ж.	2019 ж.	2018 ж.
Төленген дивидендтің мөлшері (мың теңге)	3 429	18 163	1 571	10 930

5.4 Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Қоғамның басқару органы болып табылады, ол өз қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындайды, бюджетті бекітеді, атқарушы органды сайлайды және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің қызметі Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғамның директорлар кеңесін Жалғыз акционер сайлайды.

Қоғамның жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтауды, оның мүшелерін сайлауды және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауды Жалғыз акционер айқындайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үштен кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен де белгіленеді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

31.12.2021 жылғы жағдай бойынша «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесінің төрағасы	Алибеков Олжас Адилович	ҚР ИИДМ Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары
Директорлар кеңесінің мүшелері	Бердалина Гулъзат Кыстаубаевна	ҚР ҚМ ММЖК мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының бас сарапшысы
	Смагулов Бауржан Амиржанович	«ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма төрағасы
Тәуелсіз директорлар	Дюсенов Канат Махметович	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,»Жылу энергетикасы» кафедрасының доценті
	Копенов Едил Кудайбергенович	ГРЭС-1 Бас директоры

Алибеков Олжас Адилович
Туған күні: 1984 жылғы 17 ақпан
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2020 жылғы 29 маусым
Мәртебесі: Директорлар кеңесінің төрағасы, Акционердің өкілі – ҚР ИИДМ Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары
Білімі: жоғары

- Қазақ-Британ Техникалық Университеті, мамандығы – Есептеу техникасы мен желілерді бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету (2007ж.)
- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университеті, мамандығы - Қаржы (2010ж.)

Соңғы жеті жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер:
11.2014 - 07.2017 ҚР ИДМ Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру басқармасының басшысы
07.2017 - 12.2019 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (Қазақэнергиясараптама)
12.2019 - қазіргі уақытқа дейін ҚР ИДМ Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары.

Бердалина Гульзат Кыстаубаевна
Туған күні: 1962 жылғы 19 желтоқсан
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2022 жылғы 27 мамыр
Мәртебесі: Директорлар кеңесінің мүшесі
Білімі: жоғары
- Сәтбаев ат. ҚазҰТУ, мамандығы – Инженер-машина жасаушы (1981 ж.)
- Еуразия гуманитарлық институты, мамандығы – Құқықтану (2007ж.)

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:
- 1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде қызмет етеді.

Смагулов Бауржан Амиржанович
Туған күні: 1963 жылғы 11 тамыз
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2017 жылғы 6 наурыз
Мәртебесі: «ЭДЭИҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы
Білімі: жоғары
- Қарағанды медициналық институты
- Қарағанды экономикалық университеті. Экономист-менеджер
- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей Мемлекеттік қызмет академиясы. Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бакалавры

Ғылыми атақтары, дәрежелері: Экологиялық ғылымдар кандидаты
Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:
- 21.08.2016-23.10.2016 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары.
- 29.12.2016 - қазіргі уақытқа дейін «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарма Төрағасы.

Дюсенев Канат Махметович
Туған күні: 1958 жылғы 21 наурыз
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2018 жылғы 12 сәуір
Мәртебесі: Тәуелсіз директор
Білімі: жоғары
- Павлодар индустриалды институты
- Мәскеу энергетикалық институты

Ғылыми атақтары, дәрежелері: Техника ғылымдарының кандидаты
Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:
- 03.2016 - қазіргі уақытқа дейін Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті «Жылу энергетикасы» кафедрасының доценті

Копенов Едил Кудайбергенович
Туған күні: 1970 жылғы 28 маусым
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 17 Сәуір 2017 жыл
Мәртебесі: Тәуелсіз директор
Білімі: жоғары
Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:
- 06.2016-10.2019 «ЭҚРҚО» АҚ Басқарма Төрағасы
- 10.2019-05.2021 «Самұрық-Энерго» АҚ Бизнесті трансформациялау жөніндегі Басқарушы директор
- 05.2021 - қазіргі уақытқа дейін «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Бас директоры.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2021 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 4 отырыс өткізді, бұл ретте барлық отырыстар күндізгі нысанда өткізілді.

Жалпы отырысқа барлығы 25 мәселе шығарылды, олардың барлығы қаралды.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығындағы отырыстарға қатысуы.

Директорлар кеңесінің мүшелері	ДК – 1 15.06.21	ДК -2 20.08.21	ДК – 3 18.11.21	ДК -4 27.12.21	қатысу %-ы
Алибеков О.А.	+	+	+	+	100%
Смагулов Б.А.	+	+	+	+	100%
Бердалиева Г.К.	-	-	-	+	25%
Дюсенов К.М.	+	+	+	+	100%
Копенов Е.К.	+	+	+	+	100%

Директорлар Кеңесінің барлық отырыстарында кворум болды.

Есепті кезең ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі өз қызметін 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды (2020 жылғы 17 қарашада бекітілген (№3 хаттама), онда 24 мәселені қарау көзделген.

Сонымен қатар, жоспардан тыс Директорлар кеңесі қосымша 1 мәселені қарастырғанын, ол бойынша Қоғам басқармасына тапсырмалар берілгенін атап өткен жөн.

Осылайша, есепті кезеңде Директорлар кеңесі төмендегі мәселелерді қарап, шешімдер қабылдады:

- қаржылық есептілік, оның ішінде жылдық есептер және жоспарлау бойынша - 8;
- ұйымдастыру құрылымы бойынша - 1 (өзгерістер енгізуден бас тарту);
- ішкі аудит бойынша - 4;
- бақылау және тәуекелдер бойынша - 5;
– стратегиялық сипатта - 2;
- Директорлар кеңесінің қызметі бойынша - 3;
- ішкі құжаттарды бекіту бойынша - 2.

Директорлар кеңесі есепті кезең ішінде өз отырыстарын тұрақты негізде, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Қоғам Директорлар кеңесінің қызметіне байланысты белгілі бір шығыстарды, оның ішінде Директорлар кеңесінің отырыстарына шығуға байланысты құжатпен расталған шығыстарды өтеу шығындарын көтереді.

Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелеріне сыйақы төленбейді. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда, Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды. Осылайша, сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақыларды төлеу шарттары мен тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде, тәуелсіз Директорлардың сыйақылары мен шығыстарын өтеу қағидаларында, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімі негізінде Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасымен жасалған шарттарда айқындалады.

«ЭДЭИҚ» АҚ Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Тәуелсіз директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір отырысына қатысқаны және оның жұмысы үшін 70 000 (жетпіс мың) теңге мөлшерінде белгіленген сыйақы (салықтар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып) белгіленеді. Сондай-ақ директорға оның тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар өтеледі.

Тәуелсіз директорларға тіркелген сыйақыларды төлеуді, сондай-ақ Қоғам шығыстарды өтеуді Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Бұдан басқа, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 16-тармағының 5) тармақшасы негізінде тәуелсіз директорлар мен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы арасында тиісті шарттар жасалды.

Тұтастай алғанда, тәуелсіз директорлардың қызметіне байланысты 2021 жылғы шығыстар 560 000 теңгені құрады, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін есептелді.

5.5 Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есеп

Корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционердің 2019 жылғы 28 тамыздағы № 87-Н шешімімен (бұдан әрі – Кодекс) бекітілген. «ЭЭДИҚ» АҚ Қоғамның ішкі құжаттарын Кодекске сәйкес келтіру бойынша үлкен жұмыс көлемін атқарды. Ішкі нормативтік құжаттарға енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар өз құзыреті шегінде Қоғамның Директорлар кеңесімен уақытылы қаралып, бекітілді. «ЭЭДИҚ» АҚ саны аз компания болып табылатындығына және оның құрамында тәуелді және еншілес ұйымдары, өкілдіктері мен филиалдары болмауына байланысты Қоғамда тиісті комитеттер жоқ. Жоғарыда көрсетілген себеп бойынша Қоғам орнықты даму саласындағы есептілікті жарияламайды. Алайда, Жылдық есепте «Тұрақты даму» атты 6-бөлімде Қоғамның кадр саясаты және әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері көрсетілген.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

№	**Корпоративтік басқару қағидаттары**	**Сақтау дәрежесі**	**Орындау немесе орындамау фактісі және орындау бойынша қолданылатын шаралар туралы ақпарат**
1	Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты	Сақталады	«ЭДЭИҚ» АҚ басқару құрылымы шеңберінде Қоғам органдары арасында заңнама мен Қоғам Жарғысына сәйкес міндеттерді бөлу нақты анықталған
2	Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты	Сақталады	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау «ЭДЭИҚ» АҚ негізгі міндеттемесі болып табылады. Қоғамда заңнамада және ішкі құжаттарда бекітілген Жалғыз акционердің құқықтары қатаң сақталады. «ЭДЭИҚ» АҚ Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Жалғыз акционердің сұраулары мен тапсырмалары бойынша Қоғам мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде тиісті хабардар болуды қамтамасыз ету үшін Қоғамның қызметі және оның нәтижелері туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсынады. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес дивидендтердің мөлшері мен төленуі туралы мәселе Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту кезінде Жалғыз акционердің қарауына жатады. 2021 жылы Жалғыз акционер Қоғамның қызметіне байланысты 2 шешім қабылдады: 1) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау/ өкілеттіктерін тоқтату; 2) 2020 жылға аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті, таза кірісті бөлу тәртібін бекіту және 2020 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтердің мөлшерін айқындау.
3	Директорлар кеңесі мен Басқарманың қоғамды тиімді басқару қағидаты	Сақталады	Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның Даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен Басқарманың өкілеттіктері нақты бекітілген және бөлінген. Директорлар кеңесін сайлау заңнамада және Қоғамның Жарғысында белгіленген рәсімдер шеңберінде ғана өткізіледі. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі, оның өкілеттік мерзімі, қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттелген.

			Директорлар кеңесі төрағасының және Атқарушы орган басшысының рөлі мен функцияларының аражігі нақты ажыратылған және Қоғам Жарғысында, Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелерде бекітілген. Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелілігіне ықпал етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізе алады. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін Жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, Басқарманың Жалғыз акционермен өзара іс-қимылы мақсатында Директорлар кеңесі өз функцияларын заңнамаға, Жарғыға және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асыратын Корпоративтік хатшыны тағайындады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырыстарын талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдерді толық көлемде көрсете отырып, тиісінше хаттамалайды. Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімі бойынша лауазымға тағайындалады. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақы мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды. «ЭЭДИҚ» АҚ-да Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін бағалау қағидалары әзірленді және бекітілді (2017 жылғы 1 қарашадағы № 5 хаттама), жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес Директорлар кеңесі жыл сайын Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің уәждемелік ҚТК бекітеді. Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды және мақұлдайды. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды. 2021 жылы Директорлар кеңесі 4 отырыс өткізіп, онда 25 мәселе қаралды. 2021 жылы басқарманың 20 отырысы өтті, онда 33 мәселе қаралды. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің 5 мүшесінің 2-і Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби және басқарушылық құзыреттері бар тәуелсіз директорлар болып табылады.
4	Тұрақты даму қағидаты	Сақталады	1)Ашықтық. Қоғам кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық, мүдделі тараптармен өзара мүдделерді ескеруге, «ЭДЭИҚ» АҚ және мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтылады; 2)Есептілік. Қоғам Жалғыз акционерге есеп береді және ұзақ мерзімді кезеңде компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына жауапты; 3)Айқындық. Қоғамның шешімдері мүдделі тараптар үшін айқын және ашық. «ЭДЭИҚ» АҚ құпия ақпаратты қорғау бойынша нормаларды ескере отырып, ҚР заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты уақтылы ашады; 4)Этикалық мінез-құлық. Қоғамның шешімдері мен іс-әрекеттерін қабылдау кезінде құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух және сенім, адалдық және әділдік сияқты құндылықтар негіз болып табылады;

			5)Құрмет. Қоғам ҚР заңнамасынан, жасалған шарттардан туындайтын немесе жанама түрде іскерлік өзара қарым-қатынастар шеңберінде мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейді; 6)Заңдылық. Қоғамның қабылданатын шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді; 7)Адам құқықтарын сақтау. Қоғам Республика Конституциясында көзделген адам құқықтарын сақтайды, қызметкерлер еңбегінің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етеді; қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетеді және корпоративтік мәдениетті дамытады; 8)Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік. Қоғам өз қызметінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатын («Нөлдік төзімділік» қағидаты) ұстанады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдесуді өзінің парызы деп санайды; 9)Мүдделер қақтығысына жол бермеу. Қоғамда мүдделер қақтығысын реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үлестес тұлғалардың тізбесі жүргізіледі.
5	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты	Сақталады	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бар. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында белсенді рөл атқарады. Тәуекелдерді басқару саласындағы тоқсан сайынғы есептерді Директорлар кеңесі қарайды. Қажет болса, олар осы саладағы іс-шаралар мен процестерді реттейді. Қоғамда Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді.
6	Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты	Сақталады	Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда қатысушылар ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер жолымен шешу жолдарын іздестіреді. 2021 жылы Қоғамда корпоративтік жанжалдар мен Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес және Қоғамда мүдделер қақтығысын реттеуді қамтамасыз ету мақсатында үлестес тұлғалардың тізбесі жүргізіледі.
7	Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары	Сақталады	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам қаржылық жай-күйін, қызметінің нәтижелерін, басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады. Тиісті ақпарат түрлі ресурстарда орналастырылады. Қоғам жыл сайын тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді. Аудит нәтижелері Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі. Директорлар кеңесінің отырыстарында Қоғамның қызметі туралы ақпарат қаралды: Басқарма мүшелерінің 2020 жылғы нақты мәні бар ҚНК карталары (2021 жылғы 15 маусымдағы 1-2021 хаттама), Қоғамның 2020 жылғы және 2021 жылғы 1 жартыжылдық қызметінің қорытындылары туралы есеп (2020 жылғы 15 маусымдағы 1-2020 хаттама және 2021 жылғы 20 тамыздағы 2-2021 хаттама).

			www.kazee.kz корпоративтік веб-сайтында ақпаратты жаңарту бойынша жұмыс үнемі жүргізіледі. Сайтта Қоғам қызметі туралы ақпарат, жаңалықтар, мүдделі тұлғалар үшін дайджесттер және т. б. орналастырылады. Ақпаратты ашу кезінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы ҚР заңнамасының нормалары, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын «ЭЭДИҚ» АҚ Ақпаратты қорғау туралы ережесі (Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 3 шешімімен бекітілген), Ақпаратты ашу туралы 2016 жылғы 26 сәуідегі №3 ережесі ескеріледі.

Ішкі аудит қызметі 2021 жылы корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізді, оның нәтижелері бойынша бағалау 85%-ды құрады.

Корпоративтік басқаруды бағалау (%)



5.6 Басқарма

Басқарма Қоғамның Даму жоспарының міндеттерін орындау және оны іске асыру мақсатында ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады. Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп береді.

31.12.2021 жылғы жағдай бойынша «ЭДЭИҚ» АҚ Басқармасы 4 мүшеден тұрады:

Басқарма Төрағасы	Смагулов Бауржан Амиржанович
Басқарма Төрағасының орынбасарлары	Курманбаев Дархан Рахымтаевич Турчекенов Серик Амангелъдиевич
Басқарушы директор	Нуржигитов Бекмурат Кемелханович

Басқарма төрағасы «ЭДЭИҚ» АҚ Атқарушы органының басшысы болып табылады және Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға жауапты.

Басқарма құрамы (31.12.2021 жылғы жағдай бойынша)

Смагулов Бауржан Амиржанович
Туған күні: 1963 жылғы 11 тамыз
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
«ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні: 2016 жылғы 28 желтоқсан
Мәртебесі: «ЭДЭИҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы
Білімі: жоғары

- Қарағанды медициналық институты (1986). Дәрігер
- Қарағанды экономикалық университеті. Экономист-менеджер
- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей Мемлекеттік қызмет академиясы (2007).

Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бакалавры
Ғылыми атақтары, дәрежелері: Экологиялық ғылымдар кандидаты
Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:

- 08.2013-08.2014 Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы
- 08.2014-11.2014 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары
- 14.11.2014-02.02.2015 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының міндетін атқарушы
- 20.08.2014-21.08.2016 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары
- 21.08.2016-23.10.2016 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары
- 29.12.2016-қазіргі уақытқа дейін «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарма Төрағасы

Курманбаев Дархан Рахымтаевич
Туған күні: 1990 жылғы 6 қараша
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
«ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні: 2019 жылғы желтоқсан
Мәртебесі: «ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары
Білімі: жоғары

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: менеджмент

Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:

- 10.2014 - 01.2016 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Энергия үнемдеу және Мемлекеттік энергетикалық тізілім департаментінің бас менеджері
- 01.2016-07.2016 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Талдау орталығының бас менеджері
- 07.2016-07.2017 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Деректерді жинау және өңдеу орталығы директорының орынбасары
- 07.2017-12.2019 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ Жобаларды басқару және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының директоры
- 12.2019-қазіргі уақытқа дейін «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

Турчекенов Серик Амангельдиевич
Туған күні: 1970 жылғы 14 мамыр
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
«ЭЭДИҚ» АҚ Басқарма құрамына сайланған күні: 2014 жыл
Мәртебесі: «ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары
Білімі: жоғары

- «Еуразия» Батыс Қазақстан тілдер және менеджмент институты: экономика
- Алматы энергетика және байланыс институты: инженер-электрик

Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:

- 2014-2015 «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу ·институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
- 2015-қазіргі уақытқа дейін «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

Нуржигитов Бекмурат Кемелханович
Туған күні: 1979 жылғы 21 маусым
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
«ЭДЭИҚ» **АҚ Басқарма құрамына сайланған күні:** 2017 жылғы мамыр
Мәртебесі: «ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшесі, Басқарушы директоры
Білімі: жоғары

- Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰПУ, мамандығы: экономист, заңгер

Соңғы жеті жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқаратын лауазымы:

- 03.2013-06.2016 ҚР ӨДМ Жер ресурстарын басқару комитеті Ішкі әкімшілендіру басқармасының басшысы
- 06.2016-01.2017 ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті Ішкі әкімшілендіру басқармасының басшысы
- 02.2017-қазіргі уақытқа дейін «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Басқарушы директоры.

Басқарма қызметі

«ЭДЭИҚ» АҚ Басқармасы ұйымның Даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, оның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2021 жылы «ЭДЭИҚ» АҚ Басқармасымен 20 күндізгі отырыс өткізілді, онда Басқарманың 33 шешімі қабылданды. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер болған жоқ.

Есепті кезеңде Басқарма келесі негізгі мәселелер бойынша шешімдер қарады және қабылдады.

«ЭДЭИҚ» АҚ алдын ала жылдық қаржылық есептілігі, Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері, 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарының жобасы, 2021 жылға арналған нысаналы мәндері бар Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚТК карталарының жобалары, 2020 жылға нақты мәндері бар Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚТК картасының жобалары мақұлданды, тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер, Тәуекелдер тіркелімі, Тәуекелдер матрицасы және 2021 жылға арналған тәуекелдер картасы, Тәуекелдерді басқару әдістемесі және Қоғам қызметі туралы есептер және т. б.

Басқарма сыйақысы

«ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшелеріне сыйақы беру шарттары мен тәртібі «ЭДЭИҚ» АҚ Басқармасы туралы ережемен, Басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру туралы ережемен, сондай-ақ «ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау қағидаларымен айқындалған.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесі лауазымдық айлықақылар мөлшерін, Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындайды.

«ЭДЭИҚ» АҚ Басқарма мүшелеріне сыйақы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуына байланысты және аудиттелген қаржылық есептілік негізінде «ЭДЭИҚ» АҚ өндірістік-қаржылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша төленеді. Сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті жылдағы қорытынды пайданың болуы болып табылады.

Бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы тұрақты сипатта болмайды.

5.7 Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Директорлар кеңесінің органы болып табылады. ІАҚ қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ ІАҚ Жылдық аудиторлық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ өз қызметінде тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас қағидаттарын, ішкі аудиторлар институтының ішкі аудитінің Халықаралық кәсіптік стандарттарымен белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің сапалық стандарттарын басшылыққа алады.

